

Облыстағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режиміне теріс әсер ететін шаруашылық қызметтер мен тиісті аумақтарды белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы № 31 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 наурызда № 3039 тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексін, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, ерекше табиғи кешендерді сақтау, қалпына келтіру және одан әрі дамыту мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес облыстағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймақтары шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс әсер ететін қызмет түрлерін шектей отырып, тиісті аймақтар белгіленсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды а л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Ғ. Салықовқа ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Б. Измұхамбетов*

2010 жылғы 25 ақпандағы № 31 облыс әкімдігінің қаулысына ҚОСЫМША

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2010.08.09 № 179, 2012.04.16 № 65 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Облыстағы белгіленген ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс әсер ететін шектелген қызмет түрлері

№	Белгіленген ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	Орналасқан жері	Шектеулі қызмет түрлері

1.	Жергілікті маңызы бар "Садовское көлі" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін ландшафтты табиғат ескерткіші	БҚО Зеленов ауданының аумағы, ауданы 150 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: тас, қиыршық тас, құм және басқа да пайдалы қазбалар өндіру, жер қазу жұмыстарын жүргізу, табиғи гидрологиялық режимді өзгертетін әрекеттер, мемлекеттік табиғи қаумалдың табиғи құрама бөліктерін бүлдіру немесе қиратуға байланысты ізденістер мен ғылыми зерттеулер
2.	Жергілікті маңызы бар "Большая Ичка" тауы шаруашылық қызметінің режимі реттелетін ландшафтты табиғат ескерткіші	БҚО Тасқала ауданының аумағы, ауданы 175 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: тас, қиыршық тас, құм және басқа да пайдалы қазбалар өндіру, үңгірлерді бүлдіру, жер қазу жұмыстарын жүргізу, табиғи гидрологиялық режимді өзгертетін әрекеттер, мемлекеттік табиғи қаумалдың табиғи құрама бөліктерін бүлдіру немесе қиратуға байланысты ізденістер мен ғылыми зерттеулер
3.	Жергілікті маңызы бар "Ақ-Құм" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік ландшафтты қаумал	БҚО Шыңғырлау және Қаратөбе аудандарының аумағы, ауданы 7984 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: 1) тас, қиыршық тас, құм және басқа да пайдалы қазбалар өндіру, жер қазу жұмыстарын жүргізу, табиғи гидрологиялық режимді өзгертетін әрекеттер, мемлекеттік табиғи қаумалдың табиғи құрама бөліктерін бүлдіру немесе қиратуға байланысты ізденістер мен ғылыми зерттеулер; 2) мал жаю, шөп шабу, ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер
4.	Жергілікті маңызы бар "Миргородский" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін	БҚО Шыңғырлау және Бөрлі аудандарының аумағы,	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: 1) мал жаю, шөп шабу, ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе

	мемлекеттік ботаника-зоологиялық қаумал	ауданы 3950 га	туғызатын басқа да әрекеттер; 2) жануарлардың өлім-жітімін туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулау, кез келген тәсілдермен және құралдармен жабайы жануарларды олжалау, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіру, жұмыртқа жинау
5.	Жергілікті маңызы бар "Дуброва" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік ботаникалық қаумал	БҚО Теректі ауданының аумағы, ауданы 6,0 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: мал жаю, шөп шабу, ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер
6.	Жергілікті маңызы бар "Селекционный" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік ботаникалық қаумал	БҚО, Орал қаласының резерв аумағы, ауданы 36,3 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: мал жаю, шөп шабу, ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер
7.	Жергілікті маңызы бар "Орда" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік ботаникалық табиғи қаумалы	БҚО Бөкей ордасы ауданының аумағы, ауданы 16405,0 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: мал жаю, шөп шабу, ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер
			Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: 1) тас, қиыршық тас, құм және басқа да пайдалы қазбалар өндіру, жер қазу жұмыстарын жүргізу, табиғи гидрологиялық

8.	Республикалық маңызы бар "Кирсанов" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік табиғи кешендік қаумал	БҚО Зеленов, Теректі және Бөрлі аудандарының аумағы, ауданы 61000 га	режимді өзгертетін әрекеттер, мемлекеттік табиғи қаумалдың табиғи құрама бөліктерін бүлдіру немесе қиратуға байланысты ізденістер мен ғылыми зерттеулер; 2) жануарлардың өлім-жітімін туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулау, кез келген тәсілдермен және құралдармен жабайы жануарларды олжалау, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіру, жұмыртқа жинау
9.	Республикалық маңызы бар "Бударин" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік табиғи зоологиялық қаумал	БҚО Зеленов, Теректі және Ақжайық аудандарының аумағы, ауданы 80000 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: 1) мал жаю, шөп шабу, ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер; 2) жануарлардың өлім-жітімін туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулау, кез келген тәсілдермен және құралдармен жабайы жануарларды олжалау, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіру, жұмыртқа жинау
10.	Республикалық маңызы бар "Жалтыркөл" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік табиғи зоологиялық қаумал	БҚО Жаңақала ауданының аумағы, ауданы 19000 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: 1) ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер; 2) жануарлардың өлім-жітімін туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулау, кез келген тәсілдермен және құралдармен жабайы жануарларды олжалау, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіру, жұмыртқа жинау

Аббревиатураның толық жазылуы:
БҚО – Батыс Қазақстан облысы;

га – гектар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК